

**Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық басқармасы ШЖҚ «№17
Қалалық емхана» КМК қызметіндегі сыбайлас жемқорлық қаупіне ішкі
талдау жүргізу нәтижелері туралы
аналитикалық анықтама**

Қазақстан Республикасының 2015 жылдың 18 қарашасындағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресу» Заңын орындау және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресу ісі жөніндегі агенттігінің 2016 жылдың 19 қазанындағы «Сыбайлас жемқорлық қаупінің ішкі талдауын жүргізудің Типтік ережелерін бекіту туралы» №12 бұйрығын басшылыққа ала отырып, 2020 жылға және 2021 жылдың 1 тоқсанында Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық басқармасының ШЖҚ «№17 Қалалық емхана» КМК (ары қарай - №17 ҚЕ) қызметіне жұмыс тобымен сыбайлас жемқорлық қаупін ішкі талдау (ары қарай – ішкі талдау) жүргізілді.

1. Ішкі талдау бас дәрігердің 2021 жылғы 19 сәуірдегі № 18/1 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық қаупіне ішкі талдау жүргізу бойынша жұмыс жоспарына сәйкес жүргізілді.

2. Талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

- №17 ҚЕ қызметін қатысты нормативтік-құқықтық актілерде және құқықтық актілерге сәйкес сыбайлас жемқорлық қаупін анықтау.

- №17 ҚЕ қызметіндегі ұйымдастыру-басқару бағытындағы сыбайлас жемқорлық қаупін анықтау.

1. №17 ҚЕ қызметіне қатысты нормативтік-құқықтық актілерде және құқықтық актілерге сәйкес сыбайлас жемқорлық қаупін анықтау.

№17 ҚЕ өз жұмысында ҚР «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексіні, ҚР «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңын, ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресу туралы» Заңын, ҚР «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңын, ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңын және басқа да ҚР нормативтік-құқықтық актілерін басшылыққа алады.

Талдау барысында №17 ҚЕ қызметін реттейтін ережелер, бөлімдер және қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтары зерделенді. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен ережелерді талдау нәтижелері бойынша анықталмаған.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңда (ары қарай - Заң) және «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру ережесінде» (ары қарай - Ереже) дискрециялық өкілеттіктер мен нормалардың болуы тұрғысынан жүргізілген ішкі талдаумен мыналар белгіленген:

Мемлекеттік сатып алу саласындағы жұмыс www.goszakup порталы арқылы электрондық форматта, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 қазандағы «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде тегін медициналық көмектің және медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету бойынша дәрілік заттарды, профилактикалық (иммундық-биологиялық, диагностикалық, дезинфекциялық) препараттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы, фармацевтикалық қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу ережесін бекіту туралы» № 1729 қаулысы шеңберінде сатып алуды қоспағанда, жүзеге асырылады.

Жоғарыда көрсетілген қаулы шеңберінде дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сатып алу кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту мақсатында №17 ҚЕ мемлекеттік сатып алу жөніндегі комиссия құрылды, ол әлеуетті қатысушылардың өтінімдерін алқалы түрде қарайды және жеңімпазды анықтау бойынша шешімдер қабылдайды. Сондай-ақ, № 17 ҚЕ сатып алу кестесі бар сатып алу жоспарын № 17 ҚЕ сайтында орналастыру арқылы емхана қажеттілігі үшін тауарларды жеткізуге, жұмыстарды орындауға, қызметтерді көрсетуге тапсырыстарды орналастыру кезінде жариялылық режимі қамтамасыз етіледі.

Байқау кеңесі 2016 жылдан бастап №17 ҚЕ енгізілді. Байқау кеңесі өз қызметін ҚР «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңы, «Байқау кеңесі туралы» Ереже, сондай-ақ №17 ҚЕ Жарғысы негізінде жүзеге асырады.

Есепті кезеңде БК мүшелері 10 отырыс өткізді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы «Байқау кеңесі мүшелерінің қызметін бағалау және байқау кеңесі мүшелеріне сыйақы төлеу лимитін айқындау қағидаларын бекіту туралы» № 115 бұйрығына сәйкес Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық басқармасы (ар қарай - «Басқарма») мемлекеттік кәсіпорындардың аудиттелген қаржылық есептілігін бекіткеннен кейін жыл сайын күнтізбелік отыз күн ішінде БК қызметіне бағалау жүргізуі тиіс (1-тармақтың 3-бөлігі) және жүргізілген бағалау негізінде сыйақы лимитін айқындайды (22-тармақ). Алайда Басқарма 2016 жылдан бастап 2018 жылы бір рет қана БК қызметіне бағалау жүргізді, бірақ жүргізілген бағалау нәтижелері БК мүшелеріне хабарланбады, сондай-ақ сыйақы лимиті анықталмаған.

Аталған мәселенің шешімі бойынша ұсынылатын шаралар:

1. Басқармаға №17 ҚЕ БК атынан 2020 жылдың аудиттік қаржылық есебінің қорытындысы бойынша жұмысты бағалау туралы хат жолдануын қарастыру.

2. №17 ҚЕ қызметіндегі ұйымдастыру-басқару бағытындағы сыбайлас жемқорлық қаупін анықтау.

2.1. Адам персоналдарын басқару қаупі

Адам ресурстарын басқару бағдарламасына сәйкес № 17 ҚЕ құжаттарды, оның ішінде жұмысқа орналасу кезінде біліктілік санаты бар немесе берілмеген маман сертификатын және одан әрі үш жылда бір рет қайта верификациялаудың міндетті рәсімі жүргізіледі.

2020 жылы және 2021 жылдың бірінші тоқсанында №17 ҚЕ штаттық саны 535,25 бірлікті, нақты саны - 447 бірлікті құрайды.

Штаттық кестеге сәйкес №17 ҚЕ басшы лауазым - 8 (100%), орындаушылық лауазым - 447 (83,5%), бұл бір басшыға шаққанда орташа есеппен 55 орындаушыны құрайды.

ҚР Еңбек кодексіне сәйкес кадрлар жөніндегі кеңестің жұмысын талдау. Ұсынылған есептік деректерге сәйкес көрсетілген кезеңде тәртіптік жауапкершілікке тартылған қызметкерлердің саны 14-ті құрайды (5 ескерту, 7 сөгіс, 2 қатаң сөгіс).

2.2. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарауды талдау.

Азаматтардың шағымдары мен өтініштерін тұрақты негізде «Call-орталық» телефондары арқылы талдау жүргізіледі.

2020 жылы №17 ҚЕ жеке тұлғалардан барлығы 89 өтініш келіп түсті (33 өтініш, 15 шағым, 41 басқа да мәселелер).

2021 жылдың 5 айында жеке тұлғалардан 31 өтініш келіп түсті (10 өтініш, 7-шағым, басқа да мәселелер -14)

Жұмыс тобы 2020 жылы «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» ҚР Заңының талаптарын сақтамағаны үшін емхана қызметкерлері тәртіптік жауапкершілікке тартылмағанын анықтады.

Талданып отырған кезеңде ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресу туралы» Заңының орындалуына байланысты емхана қызметкерлерінің іс-әрекетіне өтініштер түскен жоқ.

Бас дәрігердің орынбасарлары және бөлімше меңгерушілері мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдерінің сақталуын, сондай-ақ оларды көрсету сапасын (мемлекеттік қызмет көрсету стандарттары мен регламенттерінде

көрсетілмеген қосымша құжаттарды талап етуге тыйым салу) қамтамасыз етеді.

Ұсынымдар:

1. Сыбайлас жемқорлық қауіптілігіне жол бермеу үшін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуды насихаттау бойынша жұмыстарды тұрақты негізде жүргізілсін.

2. №17 ҚЕ басшылығы құқық санасын арттыру және ұжымда сыбайлас жемқорлық көріністеріне нөлдік төзімділікті қалыптастыру жөніндегі жұмысты күшейтсін;

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың қолданыстағы талаптары және емханада қабылданған стандарттар туралы қызметкерлердің білімін тексеру бойынша іс-шаралар жүргізілсін.

**Сыбайлас жемқорлық қауіпін
ішкі талдау жүргізу бойынша
жұмыс тобының басшысы**



В.Ким